

2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 476 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

N

4 7 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей

Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 15-бабын негізге ала отырып, қазақстандық байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын құру және ұшыру жөніндегі ынтымақтастықты жалғастыруға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) тақырыптағы "қазақстандық спутнигін" деген сөздер "қазақстандық спутниктерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Келісімнің мақсаты "KAZSAT" сериясының байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутниктерін (бұдан әрі - "KAZSAT" сериясының спутниктері) жасау, оларды геостационарлық орбитаға шығару және олардың негізінде ғарыштық байланыс пен хабар таратудың қазақстандық жүйесін жасау жөніндегі Тараптардың ынтымақтастығын жүзеге асыруға арналған негізгі қағидаттар мен шарттарды айқындау болып табылады.";

3) 3-бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі";

төртінші абзацтағы "KAZSAT" спутнигін", "жерүсті басқару кешенін" деген сөздер тиісінше "KAZSAT" сериясының спутниктерін", "жерүсті басқару кешендерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "Казсат" акционерлік қоғамы" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Келісім шеңберінде жасалатын "KAZSAT" сериясының спутниктері геостационарлық орбитаға шығарылады және уақытша ұсынылып отырған үйлестірілген ресейлік орбиталық позицияларда орналастырыла алады.

"KAZSAT" сериясының спутниктері үшін геостационарлық орбитадағы нақты орбиталық позицияларды пайдалану шарттары Тараптар мемлекеттерінің халықаралық орбиталық-жиілік ресурстарды үйлестіру мәселелерін реттейтін байланыс әкімшіліктері арасындағы жеке келісімдермен анықталады.";

5) 5-баптағы "KAZSAT" спутнигінің, жерүсті басқару кешені" және "орбиталық-жиіліктік ресурсының" деген сөздер тиісінше "KAZSAT" сериясы спутниктерінің, жерүсті басқару кешендері" және "орбиталық-жиіліктік ресурстарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7-баптың үшінші абзацындағы "KAZSAT" спутнигін жерүсті басқару кешенін" деген сөздер "KAZSAT" сериясы спутниктерін жерүсті басқару кешендерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8-баптың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші абзацының ережелері "KAZSAT" спутнигіне қолданылады.";

8) 9-баптағы "KAZSAT" спутнигін геостационарлық орбитадағы ғарыштық объект ретінде" деген сөздер "осы Келісім шеңберінде жасалатын және ұшырылатын " KAZSAT" сериясының спутниктерін ғарыштық объектілер ретінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10-баптағы "KAZSAT" спутнигін жасау, жерүсті басқару кешені" деген сөздер " KAZSAT" сериясының спутниктерін жасау, жерүсті басқару кешендері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 15-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2008 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін